

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

10. Zhong, Q. A study of the translation of Chinese proverbs from the perspective of intercultural communication. Journal of Language Teaching and Research. 2016. 7(5), P. 1005-1011.

УДК 81-11

ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КОДЫ

Башигулова Фатима Нұрланқызы

nngmath@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Мәдениеттану мамандығының 1 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ә. Мүтәлі

Тіл - халықтың тарихы мен мәдениетін, оның талғамы мен танымын және болмысын сақтауға қабілетті символдық жүйе және мәдениеттің көрсеткіші болып табылады. Тіл адамның бүкіл тарихында дүниені концептуалды ассимиляциялаудың барлық жолдарын қамтиды. Бұл ой, білімді меңгерудің, білімді зерттеудің күрделі тәсілі, сөйлеудің және ойды ауызша тұжырымдаудың күрделі механизмі [1].

«Әлем бейнесі» терминінің тіл білімінде пайда болуына *«тілдегі адам» мәселесіне бетбұрыс себеп болды*. Л. Вейсгербер терминологиялық жүйеге «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымын енгізіп, өзіндік лингвофилософиялық тұжырымдамасын ұсынды. Ғалымның ойынша, әлемнің тілдік бейнесін беретін негізгі сипаттамалар төмендегідей: 1) әлемнің тілдік бейнесі – тілдің жалпы мәдениеті мен ділінің өзгешелігін айқындайтын рухани мазмұнның және тілдің өзінің өмір сүруі мен қызметін қамтамасыз ететін тілдік мазмұнның жүйесі; 2) әлемнің тілдік бейнесі, біріншіден, этнос пен тілдің тарихи дамуы нәтижесінде, екіншіден, олардың әрі қарай өзіндік жолмен дамуынан қалыптасады; 3) әлемнің тілдік бейнесі біртұтас тірі ағза ретінде айқын құрылымға ие және тілдік бейнеленуі көпдеңгейлі болып табылады; 4) әлемнің тілдік бейнесі уақыт кеңістігінде өзгеріп, кез келген тірі ағза тәрізді дамып отырады, яғни тікелей (диахрониялық) мағынада әрбір келесі даму кезеңінде бұрынғысына сәйкес келе бермейді; 5) әлемнің тілдік бейнесі әлемді көру мен оны тіл құралдарымен бейнелеудің тілдік және мәдени өзгешелігін бекітуге мүмкіндік туғыза отырып, тіл мәнін біркелкі түзеді; 6) әлемнің тілдік бейнесі ортақтық (общность) біртекті өзгеше өзіндік санасында көрініс тауып, келесі ұрпаққа дүниетаным, мінез-құлық тәлімі, өмір сүру салты, тілдік құралдарда сақталу арқылы беріледі; 7) белгілі бір тілдің әлем бейнесі сол тілді қолданатындарда аралық әлем ретінде тіл арқылы қоршаған әлем туралы көріністерді қалыптастыратын тілдің көркейтуші күші болып табылады; 8) нақты тілдік қауым әлемінің тілдік бейнесі сонымен қатар оның жалпымәдени игілігі болып табылады [2].

Әлемнің тілдік бейнесі - сол тілде көрініс тапқан әлемді көрудің тәсілі. Қазір әлемнің тілдік бейнесі туралы түсінік жиі қолданылатын кең ұғым болып табылады. Ол ең алдымен өзіңіздің ана тіліңізді білуді, мәдениетін білуді, әлемнің тілдік бейнесімен өзіңіздің ішкі дүниеңізді және сонымен бірге қоршаған әлемді жақсырақ және оңай түсінуге септігін

тигізеді. Біз әртүрлі әлемнің тілдік бейнесін салыстырған кезде олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табамыз. Айтып өткеніміздей олардың кейбіреулері өте ұқсас, ал кейбіреулері бір-бірінен ерекше.

- әрбір нақты тілде осы тілде сөйлеушілердің дүниетанымын анықтайтын және олардың әлемдік бейнесін қалыптастыратын ұлттық, өзіндік жүйе бар.

- әрбір халық қоршаған болмысты өзінше көреді және бұл факт тілде көрініс табады.

- әртүрлі тілдердің өкілдері әлемді өз аттарын алған фрагменттерге басқаша бөледі.

- әлемді қабылдаудағы айырмашылықтар тілде лексикада ғана емес, грамматикада, сөзжасамда, фразеологиялық қорда, морфологияда да көрінеді. Бірақ дәл осы адамның сөздік қоры, сөздердің мағыналық және семантикалық мағыналары адамның әлемді тану тәжірибесі шоғырланған контейнер болып табылады [3].

Әлемнің тілдік бейнесі қосарлы сипатқа ие. Бір жағынан, адамдардың өмір сүру жағдайлары, олардың материалдық әлемі олардың санасы мен мінез-құлқын анықтайды, бұл олардың әлемнің тілдік бейнесінде көрінеді; екінші жағынан, адам әлемді негізінен ана тілінің формалары, оның семантикасы мен грамматикасы арқылы қабылдайды, бұл ойлау мен мінез-құлық құрылымын анықтайды. Әлемнің тілдік бейнесі - адамның барлық рухани белсенділігінің нәтижесі болып табылатын әлемнің тұтас, жаһандық бейнесі, ол адаммен оның әлеммен барлық байланыстары барысында пайда болады.

Әлемнің тілдік бейнесінің мақсаты - әлем туралы күнделікті білімді сақтау және ұрпақтан ұрпаққа беру, осы тілдің ана тілінде сөйлейтіндердің тілдік ойлауының сабақтастығын қамтамасыз ету. Тілді игере отырып, бала әлемді тіл деңгейінде біледі, уақыт, кеңістік, мөлшер, мақсат, себеп және т. б. туралы алғашқы идеяларды қалыптастырады. Әлемнің тілдік бейнесі субъективті түрде, ол белгілі бір этникалық топтың әлемді қабылдауын, ұғынуын және түсінуін оның дамуының қазіргі кезеңінде емес, тілдің қалыптасу кезеңінде, яғни әлемнің бастапқы кезеңінде қабылдайды [4].

Қорыта келгенде, тіл арқылы адам әлемді игереді, таниды және әр тіл әлемді өзгеше түсінеді және әр тілде өзгеше түсіндіріледі ол дегеніміз әлемнің тілдік бейнесінің негізінде когнитивті қызмет жатады деген сөз. Табиғатты түсіну мен танып білу де тек адамның өзі мен әлемі арқылы жүзеге асады, бұл әлемнің тілдік сипатты антропоцентрикалық сипатта екенінің дәлелі. Әлемнің тілдік бейнесі адамға бағытталады, сол арқылы жүзеге асады. Әр этностың және әр адамның әлемнің тілдік бейнесі әртүрлі себебі ол сол адамның немесе этностың біліміне, тәжірибесіне, тіліне байланысты болады.

Әлемнің тілдік бейнесі адамға бағытталған деген тұжырымды негізге ала отырып ұлттық кодтың маңыздылығын қарастырамыз. Ұлттық код дегеніміз не? Бұл туралы түрлі пікірлер айтылады. Ғылыми еңбектерде ұлттық кодқа тіл, дін, әдет-ғұрып тәрізді айырмашылықтарды жатқызады [5].

Жазушы, тарих ғылымдарының кандидаты Бейбіт Қойшыбаев: «Ұлттық код дегеніміз – ұлттық болмыс. Яғни, бір халықты басқа халықтан ажыратып, танытатын және сол халықтың әлем қауымдастығы алдында басқаға ұқсамайтын таным-түсінігі мен бітім-болмысын айқындап тұратын сипаты» деп жазса, ал қоғам қайраткері Әлихан Байменов: «Менің пайымдауымша, ұлттық сана, ұлттық код деп – біздің әрқайсымыздың жеке, кейде қоғам ретінде әлемді қабылдауымызға, дүниетанымымызға, түйсігімізге әсер ететін, ғасырлар бойы қалыптасқан факторлар жиынтығын айтуға болады» – дейді [5].

Қорыта айтқанда, ұлттық код дегеніміз – әрбір ұлттың басқалардан айырмашылығын көрсететін ерекше қасиеттері, ішкі және сыртқы көріністері және солардың пайда болу факторлары. Ұлттық код әрбір ұлттың ерекшелігін ашып, оның сыр-сипатын түсінуге мүмкіндік береді. Ұлттық код қазіргі кезде қолданылып жүрген құлыпты ашатын құпия кілт (код) тәрізді. Басқа ұлт өкілдері құлыпты ашқандай осы кодты біліп, дұрыс пайдалана алса қандай халықтың болса да ниет-көңілін ашып, сенім құшағына еркін еніп, толық сіңісіп кете алады. Қазаққа тұрмысқа шыққан көптеген басқа ұлттың қыздарының осылай қазақ тілін үйреніп, дінін қабылдап, салт-дәстүрін еркін меңгеруі арқылы қазақпен бірігіп, сіңіп кетті. Мысалы XVII ғасырдағы Қазақ хандығын нығайтуға үлкен үлес қосқан қазақтың алғашқы бас пірі әулие Мүсірәлі жоңғардың қонтайшысы Ғалден Сереннің сүйікті кенжесі Мариямға саяси мақсатпен үйленген. Мүсірәліге келген соң Мариям өзінің жұбайылық табиғи міндетін орындап, мұсылмандықты толық қабылдап, қазақ арасына сіңіскені сонша, ерінің ең сүйікті жұбайына айналады. Олардан қазақ пірлерінің бірі әулие Қосым туып, халық өміріне өзінің үлкен рухани әсерін берген. Қай заманда болса да осындай мысалдарды көптеп табуға болады [5].

Ұлттық болмыс ғасырлар бойы қалыптасып, бірақ уақыт пен өмір сүру жағдайларына байланысты өзгеріп, жаңа сипат алып, жаңғырып отырады. Бұл өзгерістердің заңдылығын білу бүгінгі күнімізді дұрыс түсіндіріп, болашақ өмірімізді бағдарлауға мүмкіндік береді [5].

Шын мәнінде, қазақ мәдениетінің ұлттық сипатын ұлттық код деп атауға болады. Мұндай кодтардың бірі біздің туысқандық қатынастарымызда жатыр. Туысқандық қатынастың көрініс табатын жері – салт-дәстүрімізде. Қазақтың салт-дәстүрі – ұлттық мәдениетінің биік тұғыры. Осы салтпен, дәстүрмен ғасырлар бойы халқымыз «тал бесіктен жер бесікке дейін» өз ұрпағының саналы, мәнді, қызықты, философиялық мәні зор өмір сүріп келгенін бізге дейінгі ғылыми еңбектерден көреміз [6].

Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» дейді. Салт-санадағы ұлттық бренд болуға лайықты ұлттық кодтың халқымыздың өзегі болу қажеттігін ескере отырып, осы ой туралы қозғайтын боламыз [6].

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» - ең алдымен, еліміздің біртұтас ұлт болуын мақсат етіп, соған барар жолдағы ұлттың рухани болмысының мәні қалай болуы керек, нені негізге алып, қандай базалық құндылықтарды сақтауымыз қажет, ертеңгі ұрпаққа табыстар мұрамыздың сипаты қандай болуы керек, бүгінгі жастар мұраты қандай, батысқа еліктеу еліміздің болашақ межесіне үлгі бола ала ма деген бүгінде қазақ қоғамын іштей толғандырып жүрген басты мәселелердің шешімі мен оның бағдары осы еңбекте кеңінен қозғалып, тиянақталған [7].

XX ғасырдағы батыстық жаңғырудың үлгісі - бүгінгі егемен қазақ еліне үлгі бола алмайды, өйткені «жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу» [7].

Ұлттық код қайда? Ұлттық код – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ұлттық мәдениетте. Қазақ баласының тағылымы мол тарихында мәдени-рухани болмысы ізгілікпен әдіптеліп, қарапайымдылықпен шыңдалып, парасатпен шырайланған. Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, перзенттік инабаттылық, адамгершілік, парыз, этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен өрістеген, молынан қамтылған [7].

Қазақтың ұлттық болмысын білдіретін коды – оның қонақжайлығы, ақкөңілдігі, мейірімділігі, достыққа тұрақтылығы, ержүрек-қайраттылығы, адал-шыншылдығы, сабырлылығы, дүниеге байланбаушылығы тәрізді ежелден қалыптасқан мінез-құлықтары болып табылады. Әрине қазақтың бұл ұлттық қасиеттері уақыт өте келе өзгеріске түсіп, халық өзінің ұлы қасиеттерінен айырыла бастағанына дау жоқ. Сондықтан қазақты осылай дәріптеуіміз асыра сілтеушілік тәрізді болып та көрінуі мүмкін. Бірақ олай ойлауға асықпайық, себебі ежелгі қазақтың қадыр-қасиеті шынында да осындай болған. Бүгінгі мәселе – ежелден қалыптасқан сол ұлы қадыр-қасиеттерімізді қайтадан қалпына келтіруде. [5].

Ұлттық кодта парыз бен әділдік қатар сомдалып, Ж. Баласағұни, М. Қашқари, А. Иасауи, Абай мен Шаһкәрім, Ақымет пен Әлихан, Мағжан мен Міржақып шығармашылығы арқылы халыққа дәріптелген, астары мен арқауы мықты оралымды сөз өрнегімен, ұғынықты тілмен өрілген. Қазақтың ұлттық кодында әділдік тұжырымдамасы ежелгі дәуірден бастап жинақталып, туыстығы жоқ үлкенге деген сыйластық болып танылған. Сыйластық пен ізгілік, ізеттілік пен имандылық қазір енді этикетке айналған тұста, осы ұлттық кодты дамыта отырып, рухани мәдениетімізді жаңғыртуымыз қажет. Ұлттық кодымызда ұят категориясы бар. Бесіктен белі шықпаған баладан бастап, ұят боладыны айтып өсірген ата-ана баласын жақсылық пен жауыздықтың бөлінетінін айтып, мінезін қалыптастырады. Жамандықпен күрес пен жақсылықты дәріптеу коды қазіргі мораль мен өнегелік категориясын дамыта түседі [7].

Ұлттық кодқа негізделген ұлттық сананың кемелдене дамуын ұлттық сананың көкжиегін кеңейту және ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. «Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қатерінің» де бар екенін ескертеді. Ол қандай қатер деңіз? Қатер мынада: өзгенің ұлттық даму үлгісі жұрттың бәріне ортақ әмбебап үлгі бола алмайды, іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Дер кезінде және нақты айтылған пікір дер едік [7].

Ғалымдар бұл қатерді неге ескертіп отыр? Демек, өзге ұлттың даму үлгісінің бәрін көшіріп ала беру қауіпті, өз еліміздің ерекшелігін, халқымыздың ділін, мінезін, рухани және материалдық құндылықтарымызды ескеру қажет. Осы қатер туралы қоғам қайраткерлері, қазіргі басшылар да көп ойланса, нұр үстіне нұр болмақ [7].

Осы тұрғыда, қазіргі уақытта халық көңілінен шықпай, ерекше алаңдатып отырған мәселенің бірі – бірінші сыныптан бастап ағылшын тілін енгізу, жоғарғы сыныптарда жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту дер едім. Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде мектепте және жоғары оқу орындарында жаппай оқыту қазақ тілінің ғылым тілі бола алмайтындығының басты кепілі болмақ. Қатер ме? Әрине, қатер. Білім жүйесінде шетелдің бәрі жақсы екен деп, түгел сол жүйені көшіріп әкеле салғанда, жоғары деңгейде дамып кетеміз деу күпірлік қана емес, оның ар жағында ұзаққа шаба алмайтын шабандық та жатады. Қазіргі талап - қазақ білім жүйесінің өзінің дербес даму үлгісін жасау қажеттігі. Ол ұлттық сананы, ұлттық рухты асқақтатып, жастардың бойындағы ұлттық сананың кемелденуіне жетелеуі тиіс. Н. Ә. Назарбаевтың «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» деуінің мәнісін терең түсіну абзал. Бірінші сыныптан балаларға үш тілді оқытуды немесе жаратылыстану пәндерін тек ағылшын тілінде оқытуды қолдамау үштілділік идеясына қарсылық емес. Ағылшын тілін оқудың, үйренудің бүгінгі таңда еліміздегі жастар үшін мотивациясы да жоғары, мүмкіндігі де мол. Болам деген баласына ата-анасы кез келген тілді ақылы түрде оқыта алады. Бұл біздің ұлттық кодымызда жаңғырған, қажеттілікке айналған, кодталған мінез. Ал оқығысы

келгендерге арнап, тегін әрі өз қалауынша оқып үйрену үшін, ағылшын курстарын ашып қою арқылы да көп мәселені шешуге болар еді [7].

Таяу жылдардағы басты міндеттердің бірі және негізгісі ретінде қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын біртіндеп бастау мәселесі. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап айтыла бастаған бұл мәселенің қазір шешілетін сәті келгендей. Әлеуметтік желілердегі кешелі-бүгінді жазылып жатқан пікірлер легін саралау да, көпшіліктің бұл реформаны қолдайтынын аңғартады [7].

Қазақ жазуының өткен тарихы қиын. Қазақ еліне өз өктемдігі мен өкімдігін жүргізгісі келгендердің барлығы оның рухани болмысына жасайтын шабуылын, ең алдымен, жазуды өшіруден бастаған екен. Кез келген жазу сол ұлттың дәстүрлі мәдениетін, елдігін, тарихи жадын сақтайтын жәдігер екенін ескерсек, мұның мәнісі түсінікті де. Араб жаулаушылары атының тұяғы жеткен жерлердің барлығында түркілік таңбаларды жоюға күш салыпты, орыс колонизаторлары қазақ еліне кең тараған араб жазуымен, араб мәдениетімен күресіп, жазуды өшіріп, ақыры өз әліпбиін енгізген. А. Байтұрсынұлының төте жазуының тағдыры қалай болғаны бүгінгі көзі ашық қауымға белгілі. Қазақтың қайран тілі көшпенді ғұмыр-тіршіліктің арқасында жазуға мойынсұнбағандықтан, өзге тілдердің ырқына көне қоймай, өз болмыс-бітімін сақтай дами берген [7].

Қорыта айтқанда, тәуелсіз мемлекеттің, дербес елдің, қазақ қанды рухты халықтың ұрпағы ретінде ұлттық кодты сақтай отырып жаһандану дәуіріне бейімделуге тиіспіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познавание. – М.: Русские словари, 1996, - 416 б.
2. Вейсгербер Л. Язык и философия // Вопросы языкознания, №2, 1993, С. 114-124.
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. дисс. автореф. – Алматы, 2007, – 56 б.
4. Корнилов О. А. Языковые картины мира как производные национальных менталитетов. - Издание 2-е, исправленное и дополненное - М.: ЧеРо, 2003, - 15 с.
5. <https://egemen.kz/article/153991-ulttyq-kod-%E2%80%93-rukhani-bolmys-kilti>
6. <https://syрboyi.kz/madeniet/qazaq-maedenietindegi-ulttyq-kod-74376/>
7. <https://qamshy.kz/article/22556-ulttyq-kod-ulttyq-madeniet-saqtalmasa-eshqanday-dganhghyru-bolmaydy>

УДК 8'811.161.1=811.133.1=39

ФРАЗЕОСОЧЕТАНИЯ, СВЯЗАННЫЕ С ОБЫЧАЯМИ И ТРАДИЦИЯМИ РУССКОГО И ФРАНЦУЗСКОГО НАРОДОВ

Ербол Инабат Ерболқызы
erbol.inabat@mail.ru

Студент филологического факультета Евразийского национального университета
им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Ергалиева К. О.

Фразеология — это один из разделов лингвистики, изучающий устойчивые сочетания слов с осложнённой семантикой. Изучением вопросов фразеологии занимались